

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ - ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ



HOCA AHMET YESEVI
ULUSLARARASI
TURK-KAZAK UNIVERSITESI

Медицина факультеті

Орындаған: **КАРИМОВ Н**
Қабылдаған: **Жолдас К**

ДӘРІГЕР МЕН НАУҚАСТЫҢ ТИІМДІ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНА
КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН БӨГЕТТЕР



Жоспар

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

**Дәрігер- мейірбике- науқас
қарым- қатынасы**

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер





Дәрігер- мейірбике- науқас қарым- қатынасы





Ежелгі заманда дәрігерлердің саны өте шамалы болғандықтан, олар қызметін өзі ғана атқарып, басқа әріптестерімен қарым-қатынас жүргізбеген. Мысалы, «земский» дәрігер жалғыз өзі белгілі аймақты мекендейтін тұрғындарға толық медициналық жәрдем көрсеткен, барлық ауруларды өзі емдеген. Яғни, бұл дәрігерлердің медициналық тәжірибесі өте кең болған, олар терапевтік, хирургиялық, акушерлік және гинекологиялық, стоматологиялық, т.б. дәрігерлік мамандықтар бойынша халыққа жәрдем беріп отырған.



Қазіргі таңда дәрігерлер қатары медициналық мамандар саны да көбейді. Бүгінгі күні дәрігерлік жәрдем 300-ден астам медициналық мамандық бойынша көрсетіледі. Сонымен қатар, жаңа диагностикалық және емдеу технологияларын, аппараттарды қолдануға байланысты, медициналық мекемелерде көптеген техникалық мамандар да жұмыс атқарады. күнделікті көптеген әріптестерімен, медициналық қызметкерлермен, науқас және оның жақын туыстарымен тікелей қарым-қатынаста болады. Мұндай жағдайда, дәрігер жұмысының нәтижелілігі, карамағындағы аурулардың тағдыры, оның әріптестерімен және басқа медициналық қызметкерлермен дұрыс қатынас құруына байланысты болады.



**емдеуші дәрігер ауруханада
жатқан немесе емханаға
қабылдауға келген
науқастарының ауруын анықтау
үшін түрлі арнайы зерттеу
жүргізетін әріптестерімен
қатынасады**

**Оларға аурудың дерті
жөнінде мәліметті ортаға
салып ақылдасады тиімді,
зерттеу тәсіл түрін таңдауға,
дерттің назар аударарлықтай
ерекшеліктерін ескертеді.**





жедел, адамның өміріне қауіп туған жағдайларда, аурудың диагнозын тез арада анықтап, жедел жәрдем беру үшін, дәрігер зерттеу жүргізуші әріптестерін ескертіп, келісіп, диагностикалық шараларын кезектен тыс ұйымдастырады.





Науқасқа тиімді ем шараларын тағайындау үшін емдеуші дәрігер, мамандығы басқа әріптестерімен, дұрыс қарым-қатынас жасауы өте маңызды болады. Мысалы, аурудың дерті күрделі болған жағдайда, оның асқынулы, созылмалы түрлерінде немесе қосымша аурулары дамығанда, емдеуші дәрігер басқа дәрігердерді консультацияға, пікірлесіп - ақылдасуға шақыррады немесе дәрігерлер кеңесін (консилиум) ұйымдастырады. Тек осы жол арқылы ғана тиімді ем шараларын тауып, олардың нәтижелілігін қамтамасыз етуге болады. Яғни дәрігердің коммуникативтік дағдылары, оның адамгершілік, психологиялық қасиеттеріне байланысты болады.





Дәрігердің бұл қасиеті хирургиялық мамандықтарда (хирургия, акушерия, травматология және т.б.), төтенше және жедел жәрдем көрсетуде маңызы өте зор, жоғары болады.





дәрігердің жайлы мінез-құлқы, көңіл-күйі, шыдамдылығы, қарапайымдылығы және шыншылдығы, қайырымдылығы және т.б. қасиеттері, дәрігерлік міндетін атқаруда өте қажет, ауру адамға оң әсерін береді.



Керісінше, дәрігердің екі жақтылығы, шыдамсыздығы, өркөкіректігі, жеңілтек мінезділігі оның әріптестерімен, қарым-қатынас құруына, медициналық ұжымда қалыпты қызмет атқаруына талай қиыншылықтар тудырады және бұл жағдай жұмыс нәтижесін жоққа шығарады.



Дәрігер медициналық қызметкерлерімен де тығыз қатынаста болады. Олармен дұрыс қарым-қатынас құруы, тіл табысуы, міндеттерін бір бағытта атқаруы емдеудің нәтижесіне оң әсер беретіні ақиқат. Диагностикалық зерттеулер және ем шараларын жүргізуде мейірбике дәрігерге көмек көрсетіп, ол ауруға күтім шараларын жүргізіп, науқастың бақылауын тікелей өзі іске асырады







Мейірбике, жұмыс міндеті бойынша, санитаркамен қоян-қолтық байланыста болады. Науқасты күту, бөлмеде тазалық және санитарлық режимін сақтау, ауруға туалет жүргізу және т.б. жұмыстар санитарканың міндетіне жатады. Бұл жұмысты мейірбике үнемі қадағалап, бақылайды. Сондықтан, мейірбике мен санитарка арасындағы қатынас тиісті дәрежеде болуы, ауруды емдеу ісіне оңды ықпал жасайды. Керісінше, олардың жұмыс бабы бойынша қатынасуы үлгісіз болса, емдеудің тиімділігі де жоққа шығуы мүмкін



Науқас пен дәрігер арасындағы қарым-қатынас дәрігер жұмысында өте маңызды орын алады. Дәрігер мен науқас және оның туысқандары бір-біріне сенім тудыратын қарым-қатынас жасағанда ғана ем нәтижелі болуына күмәндік тумайды.әр дәрігер және басқа да медицина қызметкерлері науқаспен және оның жақын туыстарымен дұрыс, тиісті дәрежеде, олардың сенімділігін тудыратын, қарым-қатынас құруы керек.





Сонымен, дәрігер өз жұмысын атқаруда бірталай адамдармен, әріптестерімен, мейірбикелермен, санитаркалармен, науқас және оның жақын туыстарымен тығыз қарым-қатынас құрады. Науқас адамның ауруын анықтауға, тиімді ем шараларын тағайындап, іске асыруда, оның нәтижесі оңды болуы дәрігердің адамгершілік қасиеттеріне, басқа адамдармен қарым-қатынас құра білуіне, яғни коммуникативтік дағдыларына байланысты болады



Пайдаланылған әдебиеттер

www.google.com

www.google.kz

www.acibademhospital.com





**!!!ТЫНДАҒАНЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**

